

Қазақстан Республикасының
Астана қаласындағы
Жоғарғы сот төрағасына
Мами К.А.
Астана қаласы,
Көшесі Д.Қонаев 39
жалғызбасты ана
Б.Ж. Кашкеевадан
Мекен – жайы:
Қарағанды қаласы

Алғыс хат

Қарағанды қаласының бір топ тұрғындары Октябрь аудандық №3 сотының төрағасы Омаров Орал Нұрғалиұлына, судья Сарсекеева Дана Амантайқызына ризашылығымызды білдіріп, алғысымызды жолдағымыз келеді.

Мен Кашкеева Балапан Жаңбырбайқызы Қарағанды қаласының Пришахтинск ауданында орналасқан пәтерімді жеті жыл бойы заңдастыра алмадым.

Бұл пәтер менің атымда тіркеулі болса да, пәтерге таласушылар көп болды. Мысалы: тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығының өкілі және т.б. жеті жыл бойы сотқа шағымданып ешқандай әділдік таба алмадым.

2013 жылы тағы да бағымды сынап көрейін деп құжаттарымды Октябрь ауданының сотына тапсырдым. Менің бағыма қарай ісім судья Сәрсекеева Дана Амантайқызының қарауына түсті. Судья заң жолымен қарап, әділ шешім қабылдап, пәтерімді өзіме қаратып берді. Өзім жалғыз басты анамын, судья Сарсекеева Дана Амантайқызына алғысым шексіз.

Осындай заң жолында қызмет етіп жүрген судьяларға Сарсекеева Д.А. ісін үлгі етуге әбден лайықты. Тәуелсіз мемлекетімізге осындай, әділ заң қызметкерлері өте қажет. Бұл мемлекетіміздің гүлденуіне, көркейіп өсуіне ықпал ететіні сөзсіз. Судья Сарсекеева Дана Амантайқызы көп адамдардың алғысына бөленіп жүрген жан. Енді біздің алғысымыз жоғары жақта да ескеріліп, аяқсыз қалмас деп сенеміз.


Кашкеева Б.Ж.

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты

21 09 2016 ж.

Кіріс № 3824 бет 1

10/5


(Қолы)

19.09.2016
(айы, күні, жылы)